

6 Тарау. КОММЕРЦИЯЛЫҚ БАНК ӨТІМДІЛІГІ ЖӘНЕ ӨТІМДІЛІКТІ ЖОҒАЛТУ ТӘУЕКЕЛІН БАҒАЛАУ

6.1 Банк өтімділігінің мәні

Активтердің өтімділігі банктік менеджментте коммерциялық банктің жалпы төлем қабілеттілігі мен оның тұрақтылығына әсер етеді.

Отандық және экономикалық әдебиеттерде, бекітілген халықаралық банктік терминологияға қарағанда, екі түсінік араласады – банк балансының өтімділігі және банктің төлем қабілеттілігі, бұл өз кезегінде несиелік институттардың өтімділігі мен төлем қабілеттілігін қолдау әдістері мен тәсілдерінің бірігуіне алып келеді. Егер біріншісінде негізінен банктің өз ісі және банк белгіленген нормалар деңгейінде қандай да бір өзінің өтімділігін қолдаудың тәсілдерін нақты жағдайларда өз бетінше таңдайтын болса, екіншісі, әдетте, Ұлттық банк арқылы жүзеге асырылтын мемлекеттік функцияларға жатады.

«Өтімділік» термині тура мағынасында материалдық құндылықтарды ақша қаражаттарына айналдырудың, жүзеге асырудың, сатудың жеңілдігін білдіреді. Судың аққыштық қасиеті бойынша сұйықтыққа жатқызылуы секілді, ақша нысанына айналу жеңілдігіне қарай (қолма-қол ақшаға немесе банк шоттарындағы қаражаттарға) банк активтері де өтімді және өтімді емес құралдар деп ажыратылады. Өтімділік деңгейлеріне қарай банк активтерін үш топқа бөлуге болады:

1. Өтімді қаражаттар, оған дайын күйдегілер, немесе бірінші санаттағы өтімді қаражаттар. Оларға жататындар – касса, есеп айырысу шотындағы қаражаттар, бірінші санаттағы вексельдер және мемлекеттік бағалы қағаздар.

2. Ақша қаражаттарына айнала алатын банк құзіретіндегі өтімді қаражаттар. Мұнда банк пайдасына игерілу мерзімі алдағы 30 күнде жүзеге асырылатын несиелер мен басқа да төлемдер, шартты түрде жүзеге асырылатын қор нарығында тіркелген (басқа да кәсіпорындар мен банктердегі де) бағалы қағаздар, және басқа да құндылықтар (материалдық емес активтерді де қоса есептегенде) туралы айтылып отыр.

3. Өтімді емес активтер – банктің иелігіндегі және негізгі қорларға қатысты мерзімі өтіп кеткен активтер және сенімсіз қарыздар, ғимараттар және құрылыстар.

6.2. Өтімділік тәуекелі. Өтімділікті жоғалту тәуекелін басқару

Баланс өтімділігі. Егер баланстың жағдайы пассив бойынша міндеттемелерді актив бойынша қаражаттарды тез жүзеге асыру есебінен жабуға мүмкіндік беретін болса, онда оны өтімді деп санайды. Банк активтерінің оның міндеттемелерін орындау үшін ақша нысанына тез айналу мүмкіндігі бірнеше факторлармен анықталады, оның ішінде маңыздысы қаражаттарды орналастыру мерзімі мен ресурстарды тарту мерзімінің сәйкестігі болып табылады.

Баланс өтімділігіне оның активтерінің құрылым әсер етеді: активтердің жалпы сомсында бірінші санаттағы өтімді қаражаттар неғұрлым көп болған сайын, соғұрлым банк өтімділігі де жоғары болады. Халықаралық банктік тәжірибеде активтердің ең өтімді бөлігі болып касса есептеледі, оған кассадағы ақша ғана емес, сонымен бірге қарастырылып отырған институттың ұлттық банктегі ағымдағы шотындағы ақша қаражаттары да жатады. Нарық экономикасы елдерінде өтімді баптарға бірінші санаттағы қысқа мерзімді коммерциялық вексельдер, мемлекетпен кепілдендірілген бағалы қағаздар жатқызылады. Өтімділігі төмен баптарға ұзақ мерзімді бағалы қағаздарға банктік инвестициялар жатады, себебі олардың қысқа мерзімде жүзеге асырылуы әрқашан мүмкін бола бермейді. Өтімділігі өте нашар активтер ретінде ұзақ мерзімді ссудалар мен жылжымайтын мүлікке салымдар қарастырылады.

Одан басқа, банк өтімділігі жекелеген белсенді операциялардың тәуекел деңгейіне тәуелді: банк балансындағы тәуекелді активтердің үлесі жоғары болған сайын, оның өтімділігі де төмен болады. Сонымен, қалыптасқан тәжірибеде сенімді активтерге қолма-қол ақша қаражаттарын, ал жоғары тәуекелді активтерге ұзақ мерзімді банктік салымдар жатқызу қабылданған.

Сонымен, егер банктің өзге көздерден тез жинақтау мүмкіндігі арқылы алынған ақша қаражаттарының қосындысы пассив бойынша міндеттемелерді уақытылы орындауға мүмкіндік берсе, банк өтімді саналады. Банк өзінің тұрақтылығын қолдау мақсатында ақша нарығындағы және клиент немесе банк серіктесінің қаржылық жағдайындағы өзгерістер арқылы пайда болуы мүмкін алдын ала болжанбаған міндеттемелерді орындау үшін белгілі бір өтімді резервке ие болуы тиіс.

Банк балансының өтімділігі активтер мен пассивтердің ара қатынасын, активтердің құрылымын көрсететін арнайы есептеу көрсеткіштерінің көмегімен бағаланады. Халықаралық банктік тәжірибеде бұл мақсатта көбінесе өтімділік коэффициенттері

қолданылады. Олар несиелік мекеменің баланс активінің әр түрлі баптарының пассивтің белгілі бір баптарына немесе керісінше, пассивтердің активтерге ара қатынасын білдіреді.

Әдетте өтімділікті бағалау үшін қысқа мерзімді және орта мерзімді өтімділік коэффициенттері қолданылады; олар қысқа мерзімді өтімді активтердің немесе орта мерзімді активтердің пассивтердің сәйкес мерзіміне қатынасы ретінде есептеледі. Нарықтық экономиканың бірқатар елдерінде банктер коэффициенттерді өтімділік нормасы аталатын белгілі бір деңгейден төмен түсірмей қолдап отыруға міндеттерді.

Кейбір елдерде өтімділік нормалары банктік және валюталық бақылау органдарымен, ал басқаларында банктік заңнамамен белгіленеді; олардың шамасы жинақталған тәжірибе мен нақты жергілікті жағдайлар есепке алына отырып анықталады.

Банк өтімділігі оның төлем қабілеттілігі негізінде жатыр. Төлем қабілеттілігі банктің уақытында және толығымен өзінің міндеттемелерін орындауға қабілеттілігі ретінде түсіндіріледі. Алайда, ол тек баланс өтімділігіне ғана емес, сонымен қатар басқа да бірқатар факторларға тәуелді. Олардың қатарына жататындар: елде немесе аймақтағы саяси және экономикалық жағдай, ақша нарығының жағдайы, ұлттық банктегі қайта қаржыландыру мүмкіндігі, бағалы қағаздар нарығының дамуы, кепілдік және банктік заңнаманың бар болуы және жетілуі, банктің өз капиталымен қамтамасыз етілуі, клиенттер мен банк серіктестерінің сенімділігі, банк менеджментінің деңгейі, берілген несиелік мекеменің банктік қызметтерінің мамандандырылуы мен әртүрлілігі және басқалар.

Қазіргі жағдайлардағы банктердің коммерциялық қызметін елдің рәсімделген ақша нарығының жоқтығы, несиелік мекемелердің жаңа мазмұндағы жұмысына клиенттер мен мамандардың дайын еместігі қиындатады.

Коммерциялық банктермен баланс өтімділігін қолдау мақсатында келесідей көрсеткіштер белгіленген: банк міндеттемелерін шектеу (K1), азаматтар салымдарын шектеу (K2), банк балансының ағымдағы өтімділік коэффициенті (K3).

Банктің меншікті қаражаттары мен оның міндеттемелерінің ара қатынасы өзінің экономикалық мазмұны жағынан банктің өзіне қабылдайтын міндеттемелері мен оның капиталы арасындағы тәуелділікті белгілеуді білдіреді: соңғысының шамасы үлкен болған сайын, міндеттемелердің сомасы да айтарлықтай бола алады.

Өтімділік тәуекелі – бұл қаржылық активтердің жедел қолма қол түрге айналу қабілеттілігі. Орталық биржаларда акциялары айналатын

ірі және беделді өндірушілер мен банктердің мұндай тәуекелі барынша төмен. Шағын фирмалар – жаңадан құрылғандар, венчурлық фирмалар бұл жағынан қауіптірек жағдайда болады. Берілген жағдайда делдалдарды таңдауға ерекше мән берген жөн. Қаржылық делдалдардың негізгі түрлері, олардың құқықтары мен міндеттерінің ерекшелігі банктің іскерлік белсенділігіне үлкен әсер етеді. Олардың дұрыс таңдалуы тәуекелдің барлық түрлерінің деңгейіне ықпал етеді.

Бақылау сұрақтары

1. Қандайда бір тәуекел жағдайын сипаттаңыз.
2. Тәуекел жағдайына жатқызуға болатын ұсынылған жағдай бойынша белгісін (шартын) беріңіз.
3. Өзіңіз сипаттаған тәуекелдің жіктелісін беріңіз.
4. Қандай параметрлермен бұл тәуекелді құқықты және қорғалған немесе құқықты емес және қорғалғаның белгіленіз және көрсетіңіз.
5. Өтімділік тәуекелінің маңыздылығын атап өтіңіз